

Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 191 "Құрманғазы ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 545 қаулысы. Атырау облысының әділет департаментінде 2014 жылы 24 желтоқсанда № 3067 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21 бабын және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 191 «Құрманғазы ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысының қосымшасына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-8-229 болып тіркелген, аудандық «Серпер» газетінің 2012 жылғы 26 шілдеде жарияланған) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

Мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтінінде «селолық» деген сөз «ауылдық» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

Орыс тіліндегі бүкіл мәтінінде «аульного» деген сөз «сельского» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі

А. Баракатов